

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1343 қаулысына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 31 мамырдағы N 442 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 қазандағы N 1689 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.27. N 1689 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1343 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 49, 560-кұжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамына мыналар енгізілсін:

Мусин - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Аслан Есболайұлы орынбасары - Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрі, төраға

Оразбақов - Қазақстан Республикасының Индустрия
Ғалым Избасарұлы және сауда министрі, төрағаның орынбасары

Бишімбаев - Қазақстан Республикасының Индустрия
Қуандық Уәлиханұлы және сауда вице-министрі

Коржова - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
Наталья Артемовна

Қасымбек - Қазақстан Республикасының Көлік және
Жеңіс Махмұтұлы коммуникация вице-министрі

Қуанғанов - Қазақстан Республикасының Білім және
Фархад Шаймұратұлы ғылым вице-министрі

Күрішбаев - Қазақстан Республикасының Ауыл
Ақылбек Қажығұлұлы шаруашылығы вице-министрі

Перуашев - "Атамекен" кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер
Азат Тұрлыбекұлы жалпыұлттық одағы" заңды тұлғалар

бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)

Рау Альберт Павлович - "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы (келісім бойынша)

Сұлтанов Серік Егелұлы - "Қазақстанның ФармМедИндустриясы" Қазақстанның фармацевтикалық және медициналық өнімдерін өндірушілер қауымдастығының вице-президенті - атқарушы директоры (келісім бойынша);

м ы н а :

"Келімбетов Қайрат Нематұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, төрағаның орынбасары"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Келімбетов Қайрат Нематұлы - "Қазына орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы (келісім бойынша)";

көрсетілген құрамнан Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы, Кравченко Иван Михайлович, Исекешев Әсет Өрентайұлы, Әйтимова Бірғаным Сарықызы, Дунаев Арман Ғалиасқарұлы, Ахметов Серік Нығметұлы, Қалақов Сейілбек Машайұлы, Әзімбеков Мейірлан Қадылшаұлы, Қожұмов Қайнар Хайратұлы, Төлегенов Сәбит Ақылбекұлы, Дүйсенбаев Ахан Қадыркенұлы, Әмірин Ғұсман Кәрімұлы, Кәкімжанов Зейнолла Халидоллаұлы, Қыпшақбаев Әбдел Исаұлы, Құсайынов Нұрлан Жетпісұлы, Манақбай Толымбек Манақбайұлы, Смайылов Әлихан Асханұлы, Шалғымбаев Қамбар Басарғабызұлы, Беркман Анатолий Абрамович, Исатаев Марат Қанапиятұлы шығарылсын.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 31 мамырдағы
N 442 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір өкімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілеріне арналған нысанды киім-кешек пен оларды кию құқығын пайдаланатын мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметкерлері, лауазымды адамдары мен жұмыскерлері үшін нысанды киім дайындау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 206-ө өкімі.

2. "Импорнтталатын тамақ өнімдері мен оларды өндіруге арналған шикізаттардың қауіпсіздігін әрі сапасын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 4 ақпандағы N 17-ө өкімі.

3. "Қазақалтын тау-кен металлургиялық концерні" ашық акционерлік қоғамының»"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамы алдындағы берешегін өтеу бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 6 наурыздағы N 30-ө өкімі.

4. "Ислам Даму Банкі (ИДБ) Басқарушылар кеңесінің жыл сайынғы 28-жиналысын және ИДБ-ға мүше елдердің көрмесін өткізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 44-ө өкімі.

5. "Қазақстан Республикасында шекара маңы саудасын дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 31 наурыздағы N 45-ө өкімі.

6. "Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына қатысушы мемлекеттер шеңберінде саудаға жаңа инвестицияларға қолайлы жағдайлар жасау үшін ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 мамырдағы N 96-ө өкімі.

7. "Отандық тауар өндірушілерге басымдық беру тәртібін және олардан бір көзден сатып алу тәсілімен өнімді, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді одан әрі сатып алу үшін маңызды стратегиялық мәні бар өнімдер сатып алынатын отандық тауар өндірушілердің тізбесін айқындау бойынша ұсыныстарды әзірлеу үшін ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 23 мамырдағы N 101-ө өкімі.

8. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 44 өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 9 маусымдағы N 119 -ө өкімі.

9. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 28 наурыздағы N 44 өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 7 тамыздағы N 167-ө өкімі.

10. "Инвестициялық және инновациялық жобаларды іріктеу және оларды кейіннен жылжыту үшін даму институттарының қызметін үйлестіру жөніндегі шаралар бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 8 тамыздағы N 168-ө өкімі.

11. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 23 мамырдағы N 101 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 23 тамыздағы N 187-ө өкімі.

12. "Шекара маңы ынтымақтастығының өңірлері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын дайындау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу бойынша жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі N 205-ө өкімі.

13. "Қазақстан Республикасының инвестициялар мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 15 қазандағы N 251-ө өкімі.

14. "Техникалық реттеу туралы" заң жобасын әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 17 қарашадағы N 285-ө өкімі.

15. "Қазақстан Республикасының жаппай жоятын және өзге де қарулардың түрлерін таратпаудың халықаралық режиміне кіруінің орындылығы туралы ұсыныстарды әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 25 қарашадағы N 290-ө өкімі.

16. "Республикалық ақпараттық-маркетингтік орталықтар желісін құру және оны Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы желісіне кіріктіру бағдарламасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 7 қаңтардағы N 1-ө өкімі.

17. "Қорғас" халықаралық шекара маңы сауда орталығын құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 23-ө өкімі.

18. "2004 жылғы 19-24 сәуірде Ганновер қаласында (Германия Федеративтік Республикасы) өтетін»"Ганновер-2004 жәрмеңкесіне" Қазақстан Республикасының қатысуын және Германиядағы Қазақстан экономикасының күндерін өткізуді ұйымдастыру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 4 ақпандағы N 27-ө өкімі.

19. "N 405 авиажөндеу зауыты" ашық акционерлік қоғамы шығаратын тікұшақтық техниканы жөндеу сапасының мәселелерін қарау жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 11 ақпандағы N 33-ө өкімі.

20. "2004 жылы Америка Құрама Штаттарында "Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003 - 2015 жылдарға арналған стратегиясының" тұсаукесерін өткізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 17 ақпандағы N 39-ө өкімі.

21. "Инновациялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 19 наурыздағы N 74-ө өкімі.

22. "Қазақстан Республикасының экономикасына Еуропалық Одақты кеңейту салдарлары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 75-ө өкімі.

23. "Тұрақты дамытуды қаржыландыру: "Проблемалар мен болашақтағы бағыттар" Азиядағы және Мұхиттағы Қаржылық Даму Институттары Қауымдастығының жыл сайынғы 27-кездесуін өткізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін жұмыс тобын құру" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 100-ө өкімі.

24. "Өндірілуі, қайта өңделуі, тасымалдануы, сатып алынуы, сақталуы, іске асырылуы, пайдаланылуы, жойылуы Қазақстан Республикасында лицензиялауға жататын улардың бірыңғай тізбесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 17 маусымдағы N 177-ө өкімі.

25. "Алматы қаласында Қазақстан-Ресей кәсіпкерлер форумын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 тамыздағы N 236-ө өкімі.

26. "Қазақстан Республикасының Ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 291-ө өкімі.

27. "Қымбат бағалы металдардан жасалған бұйымдардың айналымы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 375-ө өкімі.

28. "Экономиканың басым секторларын кластерлік дамыту жөніндегі жұмыс топтарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 44-ө өкімі.

29. "Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік туралы" және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдарының жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 56-ө өкімі.

30. "Инновациялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы жобасының жаңа редакциясын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 19 наурыздағы N 57-ө өкімі.

31. "Министрліктер үйі" объектісін салу мәселелері жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 29 сәуірдегі N 106-ө өкімі.

32. "Жалгерлік үйлерді ұйымдастыру және тұрғын үйдің жалгерлік секторын дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 130-ө өкімі.

33. "Қазақстан Республикасында тауар биржалары қызметін дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 23 мамырдағы N 142-ө өкімі.

34. "Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда қазақстандық қатысуды ұлғайту жөнінде жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 21 маусымдағы N 169-ө өкімі.

35. "Инвестициялық преференциялар берілетін қызметтің кіші түрлерінің сыныптауыш деңгейінде қызметтің басым түрлерінің тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 27 маусымдағы N 177-ө өкімі.

36. "Алматы қаласында Дүниежүзілік экономикалық форум аясында үшінші Еуразия экономикалық саммитін дайындау және өткізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 12 шілдедегі N 190-ө өкімі.

37. "Еуразия өнеркәсіптік қауымдастығының құрамына кіретін акционерлік қоғамдар базасында бірыңғай тау-кен-металлургиялық компания құру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 7 ақпандағы N 22-ө өкімі.

38. "Тұрғын үй құрылысына азаматтардың үлестік қатысуы бойынша ұсыныстар әзірлеу жөнінде жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің міндетін атқарушы 2006 жылғы 10 наурыздағы N 51-ө өкімі.

39. "Павлодар облысында металлургия кластерін жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 7 шілдедегі N 192-ө өкімі.

40. "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеуінің проблемалық мәселелерін шешу жөніндегі ұсыныстарды дайындау үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 10 шілдедегі N 195-ө өкімі.

41. "Петропавл және Павлодар қалаларында индустриялық технопарк құру мәселесін зерделеу үшін жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 14 шілдедегі N 201-ө өкімі.

42. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 10 шілдедегі N 195-ө өкіміне толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 251-ө өкімі.